

аңызға айналған адамның алдында өзін шәкірт санап, жан дүниесі рухани тазалаудан қайта өткендей, бір университетке татырлық білім-тағылым алғандай сезінері анық. Адамдық пен азаматтықты, ақындық пен қайраткерлікті терең сабақтастыра білген Сәкендей ұлы тұлғаның халқымыздың тарихында ұмыт қалмауын нақты дәлелдеп берді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Кәкішев Т. Ескірмейді естеліктер. - Алматы: Жазушы, 1994. - 243 б.
- 2.Кәкішұлы Т. «Мағжан - Сәкен» Ғылыми эссе. - Алматы, 1999. - 408 б.
3. Кәкішұлы Т. Мерей. Алматы, 2002. 1-том. 496 б.
- 4.Кәкішев Т.Сәкен сүйген сұлулар. Алматы: Атамұра, 1997. - 320 б.
- 5.Кәкішев Т. Көп томдық шығармалар жинағы, 3 том. Алматы: Қазығұрт 2013 - 384 б.
- 6.Смағұлов Ж. Т.Кәкішұлы. Астана: Фолиант, - 488 б.
- 7.Кәкішев Т. С. Сейфуллин. Алматы: Рауан, -1997. - 362 б.

Төрехан Батырбек Тауасханұлы

«Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ 1-курс студенті
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
plusmmobil017@gmail.com

*Ғылыми жетекші:
Такиров С.У., ф.ғ.к.,
қауымдастырылған профессор*

БЕКЕЖАН ТІЛЕГЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КЕҢЕСТІК ШЫНДЫҚ

Кеңестік кезеңдегі идеологияның үстемдігі сонша халықтың барлық ісіне, оның ішінде ғылым мен мәдениетке, әдебиеттің әрқайсысына қатаң бақылау жасап отырды. Адамдардың ақыл-ойы, рухани жан дүниесі зат ретінде бағаланды. Еркін ой, еркін еңбек, сөз бостандығы деген атымен жоғалды. Шындықты іздеушілікке тыйым салынды. Ғылым, әдебиет, мәдениет бәрі идеологияландырылды. Қызыл идеологияның пәрменінің күштілігі сол, қазақ әдебиетінің атақты өкілдері санатындағы тұлғалардың беделдерін пайдаланып, билік оларға өзінің шашбауын көтертіп кеңестік саясатқа жат деп өздерінше ұран тастады, сол арқылы тарихи, әдеби өнерімізді тұншықтырғысы келді. Коммунистік идеология билік құрған тұста, баспасөз күрес құралы, ұжымдық насихатшы, үгітші және ұйымдастырушы болып табылды [1].

«Тарих - халықаралық трибунал», - деген екен Шекспир. Сол кеңестік идеология саят құрған шақта өз арамыздан жалтақтап, өзінің орны үшін халқымыздың намысына, болашағына балта шапқандар да болды. Олар Совет өкіметінің мәңгі жасарына, компартияның ақырзаманнан соң да салтанат құра беретініне нық сенген. Халқы үшін азап, өздері үшін рахат отарлық жүйе ешқашан мызғымайды деп білген. Олай болмай шықты. Тарих қатал үкімін шығарды, әркім тарихтан өз сыбағасын алды.

Мақаламызға арқау болып отырған, сол кезеңдегі саясаттың сахнасында жүрген, М.Мағауиннің өзі «болашақ классик жазушы» деп пікір білдерген, заңғар жазушы, Бекежан Исағалиұлы Тілегеновке назар бұрайық. Белгілі жазушы Ә.Нұршайықов «Сексен алтыншы жыл» деген романды оқып шығып, сол туралы «Қазақ әдебиеті» газетінде жазған пікірінде: «Бекежан Тілегеновтың «Сексен алтыншы жыл» романын оқып жатырмын. Қызықтырып тартып әкетіп барады. Бас алдыртатын емес... Бекежанға әбден риза болдым. Шешен де, шебер де, батыл екен. Сонысы сүйсіндірді... Апыр-ау, Бекежан қандай білімді, жорғадай тайпалған сөз шебері болып қалыптасқан» - деп ағалық сүйінішін білдіруі тегін емес. Ендеше санаулы өмірін саналы етіп артынан із қалдырған Бекежан Тілегеновке кеңінен тоқталып, роман-толғауларындағы астарлы саяси шындықтарға өз әлімізше үңіліп көрдік [2; 16].

Бекежан Тілегенов (1934-1998 жж.) бұрынғы Семей облысы, Жарма ауданы, Георгиевка селосында туған. Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген. Республикалық жастар газеті «Лениншіл жаста» (қазіргі «Жас алаш») бастапқы кезде әдеби қызметкер, кейін бөлім меңгерушісі болған. 1965 жылы партиялық жұмысқа ауысып, Алматы қалалық партия комитетінің үгіт және насихат бөлімінің нұсқаушысы қызметін атқарған. 1975 -1989 жылдары «Жұлдыз» журналының бас редакторы әрі Қазақстан Жазушылар Одағының хатшысы, 1993-1996 жылдары ҚР Тіл комитетінің бөлім бастығы қызметін атқарды [2; 7].

Қаламгердің жанына жақын, өзі қанық білетін тақырыпты тауып, соны әдебиетке алып келуінің өзі үлкен олжа. Көрнекті жазушы Бекежан Тілегенов бұл тұрғыда тақырыбын дәл тапқан, жеріне жеткізіп жазған қаламгер. Оның «Тұйық өмірдің құпиясы», «Сексен алтыншы жыл» романдары сөзіміздің жанды дәлелі. Бұл туралы жазушы Мұхтар Мағауин: «Бекежан Тілегенов 1969 жылы коммунистік номенклатураға еніп, Орталық Комитетке жұмысқа тұрмаса аталмыш кітаптар жазылмай қалар еді. Рас, қаламға машықтанған адам жазбай тұрмайды. Бекежанның да бәленбай, түгенбай деген шығармалары дүниеге келері хақ, бірақ олардың бәрі... басқа бірдене болып шығатын еді. Аса тәуірлеу ғана» дейді. Шынымен де «Тұйық өмірдің құпиясы», «Сексен алтыншы жыл» романдары Б.Тілегеновтің ғана емес, тұтас ұлт әдебиетінің үлкен олжасы. Себебі бұл шығармаларда осы уақытқа дейін қазақ әдебиетінде мүлде айтылмаған тың оқиғалар мен өзгеше бітімді кейіпкерлердің жиынтығы жасалады. Мұнда Қазақстан коммунистік партиясы Орталық комитетінің тыныс-тіршілігі, ондағы сырт көзге біліне бермейтін саяси және басқа да оқиғалардың шын кеспірі ашылады. Б.Тілегенов 1969-1975 жылдары Орталық Комитетте мәдениет, әдебиет бөлімдерінде жетекші қызметтер атқарды, дәл осы кезде «Үлкен үйдегі» түрлі жағдайларға қанықты, онда астыртын, жасырын қазаққа қарсы жасалып жатқан небір озбырлықтардың куәсі болды.

Компартияда Б.Тілегеновтің алдында да қаламгер қауымынан жауапты қызмет атқарғандар да болды. Бірақ та жазушы Бекежан Тілегенов сияқты Орталық Комитеттің ішкі ағысын ашық жазған суреткер болған жоқ. Бұл жайында өзінің әріптестері жайлы сирек жазатын қазақтың марқасқа жазушысы Мұхтар Мағауин: «Рас, бұл жерде Бекежаннан бұрын да, кейін де талай әйдік қаламгер қызмет атқарған. Бірақ солардың ешқайсы да, міне, Совет өкіметі, Компартия құлағалы тоғыз жыл болды, өздері жұмыс істеген мекеме, советтік басқару жүйесі, партиялық өктемдік турасында сыр ашпаған, ештеңе айтпаған қалпында келеді. Енді айтқанымен мәні жоқ, ашқанме қызығы жоқ. Жүйесін тауып, жеріне жеткізсе мәні болар, қызығы да болар, әлемдік тақырып ешқашан тозбайды, жүз жылдан соң жазылса да маңызын жоймайды, бірақ бұл тарапта қазақта алғаш қалам тартқан - Бекежан. Өлбетте, алғашқының бәрі абыройға бастай бермейді. Жай ғана бірінші емес, бірегей болуға тиіс. Бекежанның осы орайдағы шығармалары бұл шартқа толығымен жауап береді» [2; 9].

Жазушының «Тұйық өмірдің құпиясы» атты бір ғана романының өзінде кеңестік дәуірдің ұлтымызға қылған сұрқия саясатының, қатыгездігі мен опасыздығының айқын дәлелі боларлық бірнеше оқиғалар мен әңгімелерге қанық боламыз. Мәселен, автордың баяндауынша «Желтоқсан оқиғасы» болған шақ Камалиденовтың билікте отырған уақытымен тұспа-тұс келеді. «Қазақ жастары алаңға шықты. Желтоқсанның он жетісі күні Орталық комитеттің жанынан жұмыс тобы құрылып, біздің бөлімнен осы топқа мен де алындым. Алаңға жиылған жастарға арнап үндеу жазуға кірістік. Үндеудің алғашқы жолын «Қарақтарым, айналайын, адасып жүрсіндер!» деп бастадым. Камалладинов үндеудің сөзін ұнатпай қабағын шытты да, қағазды үстелдің үстіне лақтырып жіберді. «Неге айналайын дейсін ол ақымақтарды?» деді маған жекіп. Мен үнсіз отырып қалдым. «Устиновтың жазған үндеуін аударасың» деді хатшы. Оқып шықтым. Үндеудің алғашқы жолдарында екінші сөйлемінде «Қазақтың қара ниет ұлтшылдығы» («Казахский махровый национализм») деген тіркес бар екен. Устиновтың өзіне қайтардым. «Бұл не деген сөз, мынау масқара сөйлем ғой. Осылай айыптауға бола ма? Жаңа ғана алаңға барып қайттым. Жиналған жұрттың 99

проценті жастар. Өзіміздің балаларымыздай бүлдіршіндер емес пе? Оларды ұлтшылдар дегенің не» дедім» [3;304].

Қанды желтоқсанда болған трагедия халық үшін қайғы, қасірет, ауыртпашылық болғанымен, баз біреулерге бақталастық, олардың жұлдызын жаққан сәт болды. Бұл оқиға талай адамның өміріне қайғы уайым алып келіп, қан жұтқызып, үмітін үзсе, кейбіреулер бұл сәтті биліктің биігіне жеткізетін асыл арманы-мансаптың төріне апаратын жайдақ жолы көрді. Ондайлар халық қайғыға ұшырады-ау деп қапаланған жоқ. Қайта осыны пайдаланып, биліктің биігіне өрмелеуге тырысты.

Сынықтан сылтау іздеген хатшылардың басты миссиясы-«Ұлтшыл» деген жалған атақты пайдаланып, жазушыларды әдебиет әлемінен шектетіп, биліктен біржола аластату еді. Мәселен, Орталық Комитеттің бюросында Камалиденов пен қазақ жазушыларының «Жұлдыз» журналының жайын талқылауына назар аударалық. «Б.Мұсаев дегеннің «Ұйқастың тракторы» деген әңгімесін алайық,-деді хатшы. -Осы әңгіменің басты кейіпкері тракторшы механизатордың сөзін тыңдап көрейік. Ол «Свечам жанбай қалды, тракторымды заводить ете алмай тұрмын» дейді. Кейіпкер таза қазақша сөйлемей орыс сөздерін араластырып сөйлейді. Осы «свеча», «заводить» дегенді қазақша атауға болмай ма? Осындай әңгіме бола ма екен? Хатшы орыс тілін араластырып сөйлеуді мазақтаудың бір түрі, ұлтшылдықтың бір түрі деп тапты [3; 309].

Хатшымыздың осындай білімсіздігіне Олжас та ыза болған болу керек, соңынан сөз алып, жаңағы пікірлердің қисынсыз екенін айтып, қарсы шықты.

-«Новый мир» журналының бір жылғы санын алып қараңыз, орыс жазушыларынан басқа авторлар көре алар ма екенсіз. Орыстан бөтен бірде-бір фамилия таба алмайсыз. Орыс жазушыларының шығармаларының жариялайтын журналдар жеткілікті. Ал, қазақ жазушыларына тиген қазақ тіліндегі жалғыз журналға орыс жазушыларының аудармалары жарияланбады деп айып тағуға бола ма? Осы білгендік пе? Интернационалист боламыз деп орынды орынсыз аудармалар бере берсек қазақ жазушылары қайда барады, қайда жарияланады?» [3; 310].

Көріп отырғанымыздай билікке көп жағдайда қазақ мәдениеті мен өнеріне жанашыр емес, қазақ тарихын, дәстүрін, ұлттық ерекшелігін қадірлемейтін, білмейтін, білгісі келмейтін, қайта қолынан келсе, еркіне жіберсе соның бәрін жапырып, жасытып тастауға дайын тұратын білімсіз кездейсоқ жандар келуші еді. Ондайлар қазақ деген аты ғана бар, бірақ қазақ атаулыға жаны қас, хатшылардың үкімін бұлжытпай орындайтын өрісі тар, таяз жандар болды. Бүкіл Совет Одағында республикалардың ішінде жалғыз Қазақстанда ғана Орталық комитеттің идеология, үгіт және насихат бөлімдерін тек орыс азаматы ғана басқаратын болды. Бұл бұлжымайтын, бұзылмайтын заң еді. Бәрінің көздегені қазақты жем қылып, түтіп жеу еді. Жалғыз «Ұлтшыл» деген айыпты арқау етіп, талай жазушыны, талай қаламгерді жоқ қылды. Ел арасынан бас көтеріп шыққан әр қазақты тұншықтырып, қайта бас көтерместей қылды. Бұндай мысалдарды айта берсе жетерлік.

Орталық Комитеттің ең жоғарғы басшыларынан бастап ең төменгі кіші қызметкерлеріне дейін жалынды күрескер болатын. Тек өздері ғана күресіп қоймайтын, басқарып отырған салаларындағы партиялық талапты игерген озық топтарды да қатарларына тартуға тырысты. Есенберлин, Олжас Сүлейменов сияқты ақын жазушыларды әшкерелеуге, ал бұрын халық жауы атанған ұлы азаматтарды тарихтан мүлдем аластатуға құмар болды. Қазақ хандығына арналған еңбектермен есімі тығыз байланысты Ілияс Есенберлиннің әр кітабы, әр шығармасы дүниеге қиыншылықпен келді. Қай кітабы болмасын, жаңағы қырағы көз қашан да қатаң қадағалап, зер салып, босағадан сығалап, бақылаумен болды.

Дәл осы мәселеге байланысты романдағы мына бір үзіндіге назар аударайық: «Жұлдыз» журналы Есенберлиннің Алтын орданы дәріптеген зиянды кітабын жариялап жатыр екен, не қарап отырсындар? Ресейді, орыс халқын талай жылдар бойы қанап, езіп келген Моңғол басқыншылығы, Шыңғыс хан тұқымдарының қанды істері жөніндегі кітапты жариялап

қойғандарын не? Орыс халқын масқаралағандарын үшін жауап бересіңдер,-депті бір жазушы мәдениет бөліміне барып» [3; 304].

Бұл да сол өмір бойы биліктің қызығына түсіп, соның биігіне шығуға құлшынып, бар өмірін, қабілетін сол жолға арнаған Камалиденов сияқты хатшыларға жағымпазданып жүрген жазушы сымақтар. Бұл кезде адамды жоғары бағалау үшін оның ақылы, таланты, ар-ожданы, қабілеті емес оның билік сатысындағы орны ескерілетін болды. Осыдан келіп партия ұйымдарында, әсіресе идеология саласында талантты, іскер, жаңалық бастамаға жаны құмар, қажырлы, білгір идеологтар азая түсті. Оның орнына тілалғыш жағымпаздар, ортаңқол қызметкерлер көбейді. Осының салдарынан өз пікірі бар адамдар жоғары бағаланбайтын болды. Айтқанынды тыңдап, айтқанынды орындайтын мансапқұмарлар қызметкерден гөрі, ойлы, қажырлы іскер, мәдениетті өкілдер әлдеқайда қауіпті екенін сезген хатшылар өз қарауындағы жауапты деген салаларға осындай ортаңқол жандарды сүйрелеп, итермелеумен болды. Енді нағыз өнерді игерген жауапты мамандар емес, жағымпаздық өнерін жақсы үйренген епті қызметкерлер көбейіп, солардың жұлдызы жанып, тасы өрге домалайтын болды.

Бекежан Тілегенов дүниеден өткелі ширек ғасыр өтті. Мұхтар Мағауиннің жаңа қазақ әдебиетінің бет бұрысты кезеңінің басы деп бағалаған «Қара жел», «Сексен алтыншы жыл», «Тұйық өмірдің құпиясы» да кітапхананың шаң басқан сөресінен тауып алған құпия әрі кездейсоқ оқырманы сияқты бір көзі қарақты оқырман әлі күтіп жатыр. Б.Тілегенов жазушы және мәдениет қайраткері ретінде Қазақстанның рухани дамуына өзіндік үлес қосты. Ол бас редактор болып тұрған кезде «Жұлдыз» журналының екі жүз жиырма мың таралымға жетті. Сол арқылы барша қазақтың тарихи-көркем ойлау жүйесін қалыптастыруға бұл басылым зор ықпал етті. Мақаламыздың негізгі бөлімінде айта кеткендей Орталық Комитет қудалап, соңына түскен адамдарың қай-қайсысын алып қарасаныз да әлдеқайда биік тұлғалар. Көпшілігі әдебиетіміз бен мәдениетіміздің тарихынан үлкен орын алған, халқымыздың мақтанышына айналған ұлтымыздың төл азаматтары. Қазақ халқының, қазақ елінің тарихында сол кешегі мансапқорлар емес, Олжас Сүлейменовтер қалары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қоскеева Ә. М. Кеңестік идеологияның ұлт зиялыларына тигізген әсері. WORLD SCIENCE № 7(11), Vol.3, July 2016. – Б. 50-55
2. Тілегенов Б. Шығармалар жинағы. Сексен алтыншы жыл: Роман. - Алматы: «Ел шежіре», ҚҚ, 2018. - 328 бет
3. Тілегенов, Б. Шығармалар жинағы [Мәтін] : роман-толғау (айтылмай келген шындық). Т. 2 : Тұйық өмірдің құпиясы / Б. Тілегенов. – Алматы : Ел-шежіре, 2018. - 328 б.

Рымбекқызы Еркеназ

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
филология факультеті қазақ әдебиеті кафедрасы

Ғылыми жетекші:

п.ғ.м., аға оқытушы

Сыздыкова Биби Ергазықызы

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ АЙ КУЛЬТІ ЖӘНЕ ӘЙЕЛ-АНА ОБРАЗЫ

Ежелден өздерін табиғатпен тығыз байланыста деп ұққан ата-бабаларымыз қашан да Ай, Күн, жұлдыз, жетіқарақшы, темірқазық сияқты аспан денелеріне аса ізгілікпен қарап, қасиетті деп таныған. Уақыт өте келе, мұндай дүниетанымы мен наным-сенімдері мифологиялық ойлауының нәтижесінде түрлі космогониялық аңыздардың, ертегілер мен эпсаналардың тууына негіз болады.. Фольклортанушы ғалым С.Қасқабасов алғашқы қауымға